

УДК 81.513

Абдуллаева Г.А.

Елтанымдық мәтіндерге арналған жаттығулар мен тапсырмаларды қолданудың маңыздылығы

Abstract

This article is devoted to the peculiarities of using authentic country study texts and different types of exercises and tasks aimed on forming students' lingua-cultural competence in foreign language teaching process. Also the practical usage of the authentic texts, methods of using authentic materials, stages of the texts, different types of exercises, tasks and situations for discussion are given in this article. Authentic country study texts are the main sources in forming lingua-cultural competence and they help students to understand the language and its culture in foreign language teaching.

Keyword

lingua-culture, authentic texts, competence, lingua-cultural competence, stages of texts.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет аталып, әлемдік өркениеттің дәстүрлі арнасымен қарқынды даму жолына түсуі – шетелдермен халықаралық білім беру бағдарламасына сәйкес ынтымақтастық аясында қарым-қатынас жасауына жаңа серпіліс туғызды. Ал тәуелсіз мемлекетіміздің басқа елдермен халықаралық деңгейдегі қарым-қатынасының артуы тілдік жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда студенттердің лингвомәдени біліктілігінің жоғары деңгейде қалыптасуын қажет ететіндігін көрсетті. Сондықтан да біздің бұл мақаламыздың мақсаты лингвомәдени біліктілікті қалыптастыруға тиімді ықпал ететін елтанымдық мәтіндерге арналған жаттығулардың маңыздылығын ашып көрсету болып табылады.

Енді «лингвомәдени біліктілік» ұғымының мәнін анықтап алсақ. Алдымен «лингвомәдениет» ұғымына берілген анықтамаларды қарастырамыз. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеген ғалымдар Э. Бенвенист және С.Г. Воркачев «лингвомәдениет» ұғымын тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың және тіл мен ұлттық менталитеттің бірлігін бейнелейтін «тіл-мәдениет-тұлға» деп аталатын үштіктің негізінде анықтайды. Мұның мәнін ғалымдар былайша түсіндіреді: шетел тілін үйренуде студенттер алдымен сол тілді қолданушы халыққа тән мәдени ерекшеліктермен танысып, оларды өз мәдениетімен салыстырады, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратады. Одан кейін оларға қорытынды жасап, оны өз санасында бекітеді. Осының негізінде студенттердің санасында «әлемнің тілдік бейнесі» қалыптасады [1; 111].

Ал белгілі әдіскер Е.И. Пассовтың пікірінше, шетел тілін оқытатын оқытушы әрекетіндегі басты мақсат – өзге тілді үйрету ғана емес, өзге мәдениетке де үйрету болып табылады. Тіл де мәдениеттің бір бөлігі ретінде оның мазмұнына енуі тиіс. Басқаша айтқанда, студент өзге мәдениетпен таныса отырып, оның тілін үйренеді. Е.И. Пассов: «На прагматическом уровне язык можно выучить и вне культуры, но только на основе одного (т.е. единственного) языка, без культурного фона войти в мир языка просто невозможно», – деп тұжырымдайды [2; 43].

Лингвомәдени біліктілікті қалыптастыру үшін шетел тілін меңгеруде студенттерді сабақ барысында ұшырасатын жат әлемді жақсырақ түсінуге жағдай туғызу қажет. Өйткені шетел тілін меңгеру барысында әрбір студент сол тілдің тек жаңа жүйесімен ғана танысып қоймай, сондай-ақ басқа елдің мәдениетіне тән үлкен ерекшеліктерге де жолығады. Тілді меңгеру барысында кездесетін мұндай қиыншылықтарды болдырмау үшін әрбір студент өз мәдениеті мен өзге мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуі керек. Ал шынайы қарым-қатынасқа түскенде екі мәдениет өкілі арасында